

**ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ «ӘДЛЕТТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ» ЖОЛДАУЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН «ҚОҒАМДЫҚ
ПРОЦЕСТЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ МЕН ЗАҢНАМАСЫ: ДИАЛОГ ЖӘНЕ ҮДЕМЕЛІ ДАМУЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«КОНСТИТУЦИЯ И ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВО РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В
КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ПРОЦЕССОВ: ДИАЛОГ И
ПОСТУПАТЕЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ», ПОСВЯЩЕННОЙ КОНСТИТУЦИОННО-
ПРАВОВЫМ АСПЕКТАМ РЕАЛИЗАЦИИ ПОСЛАНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК ОТ
1 СЕНТЯБРЯ 2023 ГОДА «ЭКОНОМИЧЕСКИЙ КУРС СПРАВЕДЛИВОГО
КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«CONSTITUTION AND LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE
CONTEXT OF MODERNIZATION OF SOCIAL PROCESSES: DIALOGUE AND
PROGRESSIVE DEVELOPMENT», DEDICATED TO THE CONSTITUTIONAL AND
LEGAL ASPECTS OF THE IMPLEMENTATION OF THE ADDRESS OF THE
PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN DATED SEPTEMBER 1, 2023
«ECONOMIC COURSE OF FAIR KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2023

УДК 342.4 (574)
ББК 67.400 (5Каз)
Қ 54

Редакционная коллегия:

Главный редактор: Бектурганов А.Е.

Члены редакционной коллегии: Мукашева А.А., Сактаганова И.С., Нургалиева А.Б.,
Ахметов Е.Б.

ISBN 978-601-337-920-3

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауын іске асырудың конституциялық-құқықтық аспектілеріне арналған **«Қоғамдық процестерді жаңғырту контексіндегі Қазақстан Республикасының Конституциясы және заңнамасы: диалог және үдемелі даму»** халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы. - Астана: Еуразия ұлттық университеті. Л. Н. Гумилева, 2023. – 363 б.

Сборник материалов международной научно-практической конференции **«Конституция и законодательство республики казахстан в контексте модернизации общественных процессов: диалог и поступательное развитие»**, посвященной конституционно-правовым аспектам реализации Послания Президента Республики Казахстан от 1 сентября 2023 года «Экономический курс Справедливого Казахстана». – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 363 с.

Collection of materials of the international scientific and practical conference **«Constitution and legislation of the Republic of Kazakhstan in the context of modernization of social processes: dialogue and progressive development»**, dedicated to the constitutional and legal aspects of the implementation of the Address of the President of the Republic of Kazakhstan dated September 1, 2023 «Economic course of Fair Kazakhstan». – Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2023. – 363 p.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференция баяндамалар жинағында Әділетті Қазақстанды құрудың ұлттық идеясы шеңберінде жүргізіліп жатқан конституциялық және сот-құқықтық реформаның өзекті аспектілеріне қатысты мәселелер қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены вопросы, касающиеся актуальных аспектов конституционной и судебно-правовой реформы, проводимой в рамках национальной идеи построения Справедливого Казахстана.

The collection of materials of the international scientific and practical conference considered issues related to the current aspects of constitutional and judicial law reform, carried out within the framework of the national idea of building a just Kazakhstan.

ISBN 978-601-337-920-3

УДК 342.4 (574)
ББК 67.400 (5Каз)

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2023
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2023

информацию о ее состоянии», а статью 38 «Каждый обязан сохранять природу и бережно относиться к природным богатствам». Мы считаем, что в современном мире обязанность сохранять природу и бережно относиться к природным богатствам это должно быть обязанностью каждого человека, но не только гражданина определенного государства.

Поскольку в конституционных нормах большинства стран мира право на благоприятную окружающую среду предоставлено каждому человеку, то уместно закрепить сохранение и улучшение окружающей среды в качестве обязанности каждого человека, а мониторинг состояния в области окружающей среды как обязанность государства.

Список литературы

1. Мирзиёев Ш. Янги Ўзбекистон стратегияси. – Т.: Ўзбекистон, 2021. – Б. 386.
2. Конституционное право. Учебник // Под. ред. И. Т. Тультеева. – Ташкент: Ташкентский государственный юридический университет, 2018. – 568 с.
3. Конституционные реформы: опыт стран мира. Том I: / Отв. ред. А. Х. Саидов. – Ташкент, 2022. – 616 с.

КОНСТИТУЦИАЛЫҚ СОТ – КОНСТИТУЦИАЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ

Рақымғалиева Аяжан Бахтидуровна

Л.Н.Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университетінің магистранты

Аннотация: Мақалада елімізде Конституцияның үстемдігін қамтамасыз етудің маңызды міндетті екендігі айтылған. Мемлекеттің Конституция нормаларының жоғары заңдық күші мен тікелей қолданылуын қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін тиісінше орындауы қажеттілігі конституциялық бақылау институтының пайда болуының басты алғышарты болып табылады. Конституциялық бақылау мемлекет қызметінің дербес саласы бола отырып, негізінен қоғамның негізгі Заңда бекітілген саяси -құқықтық, әлеуметтік - экономикалық және моральдық - адамгершілік құндылықтарын қорғауға қызмет етеді. Конституция үстемдігі баршаға қадір-қасиетті, еркіндік пен әділдікті заңнамалық және практикалық қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс.

Түйін сөздер: Конституция. Конституциялық бақылау. Конституция үстемдігі. Конституциялық Сот. Конституция нормалары.

Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады. Мұндай тұжырымды ҚР Конституциясының 4-бабының 2-тармағына сәйкес, Конституцияның республиканың бүкіл аумағында жоғары заңды күші және Республиканың бүкіл аумағында тікелей қолданысы бар екендігінен көреміз. Бұл конституциялық норма Конституцияның адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау міндеті туралы ережесімен өзара байланыста Конституцияның мазмұнын ашады және мемлекеттік билік органдарының біртұтас жүйесін қалыптастыруға негіз болады.

Мемлекеттің Конституция нормаларының жоғары заңдық күші мен тікелей қолданылуын қамтамасыз ету жөніндегі өз міндеттерін тиісінше орындауы қажеттілігі конституциялық бақылау институтының пайда болуының басты алғышарты болып табылады. Конституциялық бақылау мемлекет қызметінің дербес саласы бола отырып, негізінен қоғамның негізгі Заңда бекітілген саяси -құқықтық, әлеуметтік - экономикалық және моральдық - адамгершілік құндылықтарын қорғауға қызмет етеді. Мемлекеттік

органдардың барлығына, атап айтқанда, Президентке, Үкіметке, Парламентке, соттарға, прокурорларға және әділет органдарына Конституцияны қорғау бойынша өкілеттіліктер берілген. Бұл ретте, Конституцияны қорғау олар атқаратын қызметердің ішіндегі жалғыз функция емес екендігін айта кеткен жөн. Сондықтан Конституциялық бақылау – тәуелсіз, мамандандырылған мемлекеттік орган жүзеге асыратын, Конституцияның үстемдігі мен тікелей әрекетін қамтамасыз етудің аса маңызды институты.

Конституциялық бақылаудың қазақстандық моделі ұлттық құқықтық жүйені жаңғырту аясында қазіргі заманғы үдерістерге, азаматтық қоғам мен құқық қорғау жүйесінің дамуына байланысты жетілдіріп келеді. Соңғы жылдары елімізде азаматтардың заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің Ата Заң талаптарына сәйкестігін тексеруге бастамашылық жасау мүмкіндіктерін кеңейту жолдары күн тәртібінде болды. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылдың басында жарияланған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан Халқына Жолдауы¹¹⁰ осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстарға үлкен ықпал етті. Мемлекет басшысы атап өткендей, «Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар. Ата заңымыз - еліміздің бүкіл құқықтық жүйесінің тірегі. Алайда белгілі бір заң актісі немесе шешім оған сай келе ме деген сұраққа нақты жауап беру қиындық тудыратын кездер болады. Қазақстандағы түрлі құқық нормаларын Конституциялық Кеңес түсіндіреді. Бірақ азаматтар осындай түсініктеме алу үшін бұл органға тікелей жүгіне алмайды. Көптеген мемлекетте Конституциялық Сот институты бар. Оған кез келген адам өзінің сауалын жолдай алады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай орган Қазақстанда болған. Сарапшылар Ата Заң ережелерінің мүлтіксіз сақталуын осы мекеме тиімді қамтамасыз етеді деп санайды. Соны ескере отырып, мен елімізде Конституциялық сот құруды ұсынамын. Бас Прокурор мен Адам құқығы жөніндегі уәкілге де Конституциялық Сотқа жүгіну мүмкіндігін берген жөн. Бұл бастамалар әділ әрі құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болады деп сенемін. Сондай-ақ институционалдық тұрғыдан тепе - теңдікті сақтауға ықпал етеді. Оған қоса азаматтарымыздың конституциялық құқығының қорғалуын жақсартуға түседі».

Осы мақсатта арнайы жұмыс тобы құрылып, «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы дайындалды. 5 маусымда өткен республикалық референдумда аталған Заң жобасы қабылданып, Конституциялық Сот құруға қажетті құқықтық негіздер қаланды. Республика Президенті 2022 жылғы 5 қарашада «Қазақстан Респуб- ликасының Конституциялық Соты туралы» Конституциялық заңына қол қойды¹¹¹ (бұдан әрі - Конституциялық заң). Нәтижесінде, Республика аумағында конституциялық бақылауды жүзеге асыратын, қайта құрылған Конституциялық Сот өз жұмысын бастады.

Ата Заңымызға сәйкес, Конституциялық Соттың негізгі миссиясы - Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасы Конституциясының үстемдігін қамтамасыз ету. Ол өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде дербес және азаматтардан, ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан тәуелсіз, Қазақстан Республикасының Конституциясын және Конституциялық заңды басшылыққа алады, соттардың немесе басқа да мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін барлық жағдайларда өзге мәселелерді анықтаудан, зерттеуден және тексеруден қалыс қалады.[1]

Қазақстан Республикасы Конституциялық соты заңдардың конституциялылығын қамтамасыз етуде және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда шешуші маңызы бар құқықтық мемлекеттің негізгі институты болып табылады. Қазақстанда бұл орган 2023 жылдың 1- қаңтарынан бастап әрекет ететініне қарамастан, ол қайтадан құрылған болып табылады. Өйткені бұл орган алғаш рет 1991 жылғы 16 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 10-бабында белгіленген, онда "Қазақстан Республикасының

¹¹⁰ <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-1622340>

¹¹¹ <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z220000001K#z156234>

Конституциялық Соты Конституцияны соттық қорғаудың ең жоғары органы болып табылады" [2].

Конституциялық Соттың басты функцияларының бірі заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің және мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің конституциялылығын бағалау болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 3-тармағына сәйкес "Конституциялық Сот азаматтардың өтініштері бойынша Конституцияда бекітілген олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін олардың өтініші бойынша қарайды" [3].

Сондай ақ, Конституциялық Сот дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын және республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешу; Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарау; Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарау, Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарау; Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру, Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар беру. Бұндай жолданымды Конституциялық Сотқа Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі және Премьер-Министр жібере алады.

2022 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде Конституциялық Сотқа жүгіну субъектілерінің қатары кеңейтіліп, оларға қосымша Бас Прокурор, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және азаматтар жатқызылды.

Бас Прокурор - Конституциялық Сот алдында нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін тексеру, Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарау және Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру туралы мәселелер қоюға құқылы.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық Сотқа Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін қарау туралы өтініш жолдай алады.

Конституциялық Сотқа азаматтардың жолданым беруіне жол ашу - еліміздің құқықтық даму үрдісіндегі ерекше маңызды оқиға. Азаматтар өздерінің Конституцияда бекітілген құқықтары бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Конституцияға сәйкестігін қарау туралы өтінішпен Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуге құқық алды. Оны жүзеге асыру тәртібі мен шарттары Конституциялық заң бойынша айқындалды.

Халықаралық тәжірибеде азаматтар конституциялық соттарға жалпы юрисдикция соттарынан өтіп барып, өз құқықтарын сот арқылы қорғау мүмкіндіктерінен айырылған жағдайда жүгінеді. Ал, елімізде Конституциялық Сотқа жүгінуге қойылатын талаптар анағұрлым жеңілдетілген деп айтуға болады. Жалпы шарт бойынша, азамат Конституциялық Сотқа жүгінуі үшін ол дау айтып отырған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні сол азамат қатысатын нақты істе сот актісін шығарып, соңғысы заңды күшіне ену тиіс. Аталған құқықты теріс пайдалануға жол бермеу мақсатында азамат мұндай жолданымын сот шешімі қабылданғаннан кейін бір жылдан кешіктірілмейтін мерзімде бере алады. Осы тұста ағымдағы жылдың 9 - қарашадағы жағдайы бойынша Конституциялық Сотқа 4759 өтініш келіп түскенін айта кеткен жөн.

Нормативтік қаулылар, қорытындылар мен жолдаулар Конституциялық Соттың қорытынды шешімдеріне жатады. Бастапқы екеуі Қазақстан Республикасының атынан шығарылса, ал іс жүргізу және басқа мәселелер бойынша қаулылар қабылданады.

Қайта құрылған Конституциялық Сот еліміздің құқықтық егемендігін қамтамасыз ету, Ата Заңның мәртебесі мен оның талаптарын орындау, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау деңгейін жаңа сатыға көтеретіні анық. Конституциялық бақылау

институты қоғамның, мемлекеттік аппараттың және азаматтардың құқықтық сана мен құқықтық мәдениет деңгейін арттыруға ықпал етеді. Конституция үстемдігі баршаға қадір-қасиетті, еркіндік пен әділдікті заңнамалық және практикалық қамтамасыз етуге бағытталуға тиіс. Ата-бабаларымыз айтып кеткендей, «әділ заң – аспан тірегі».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 153-VII ҚРЗ;
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1991 жылғы 16 желтоқсан;
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз;
4. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының «Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы» жолдауы;
5. Абдрасулов Е.Б. Толкование закона и норм Конституции: теория, опыт, процедура. - Алматы, 2002;
6. Бейбитов М.С. Институт конституционного контроля в Республике Казахстан: эволюция и проблемы модернизации. - Алматы, 2005;

ӘДІЛЕТТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Макулбеков Бағлан

*Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті
заң факультетінің конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының оқытушысы,
з.ғ.к., доцент.*

Өткен жылдың маусым айында бүкіл халықтың дауыс беру жолымен Ата Заңымызға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар еліміздің болашақтағы даму жолдарын айшықтап берді. Ата Заңымыз қоғамдық қажеттіліктен туындаған жаңа нормалармен толықтырылып, құқықтық демократияны іс жүзінде дамытуға жол ашты. Әділетті Қазақстан құрудың стратегиялық жоспары – бұл Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуының жаңа кезеңдеріне көшуді білдіреді. Аталған реформалық өзгерістер мен бастамалардың құқықтық реттеусіз жүзеге асырылуы мүмкін емес екенін естен шығармау қажет. Қоғамда орын алған даулар мен құқықбұзушылықты реттеуде сот билігінің атқаратын ролі ерекше. Өзінің құқықтық бастауын Ата Заңымыздан алатын Отандық сот жүйесі Қазақстан халқының заңды мүдделерін, бостандықтарын, игіліктерін қорғау жолында абыройлы еңбек атқаруда.

Сот – құқықтық реформасын ойдағыдай жүзеге асыру барысында жаңаша, халықаралық стандарттардың талабына сай келетін кешенді шаралар қарастырылуда. Соның нәтижесінде халықтың сеніміне ие болатын, тәуелсіз сот жүйесі құрылды. Қазақстандық сот жүйесі толығымен заманауи ақпараттық технологиялармен жабдықталып, ал ІТ технологиялық жаңалықтарды енгізуде ТМД елдерінің ішінде алғашқы орынды иемденіп қана қоймай, халықаралық дәрежеде үлкен беделге ие болды.

“Сот кабинеті”, “Төрелік”, “Талдау”, “Ахуал орталығы”, “Жобалау офисі” сервистері жаңа бастама – электронды сот ісін жүргізу процесіне көшудің жолын ашты.

Бүгінгі күні сот ғимараттарына бармай-ақ, үйде отырып, сотқа арыз беру, керекті ақпараттарды алу, сот процессіне қатысу мүмкін болды. Елімізде жүргізіліп жатқан цифрландыру саясаты сот жүйесінің де барлық бағыттарын қамтып, жасанды интеллект қорытындыларын пайдалануға қол жетіп отыр.